

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттері арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде бірлескен бақылауды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі N 941 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 қыркүйектегі N 1331 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.09. N 1331 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттері арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде бірлескен бақылауды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттері арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде бірлескен бақылауды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы (бұдан әрі - Тараптар):

Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасындағы (бұдан әрі - шекара) ынтымақтастықты нығайтуға және өзара тату көршілік қатынастарды дамытуға ұмтылысты басшылыққа ала отырып,

шекара арқылы өткізу кезінде бірлескен бақылауды жүзеге асыру жолымен адамдарды, тауарларды, көлік құралдарын бақылауды жетілдіру мен тиімділігін арттыруға ұмтыла отырып,

шекарада бақылау шараларын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының әр түрлі бақылау органдары жүзеге асыратынын атап өте

бақылаудың бұл түрлерін жүргізу шарттары олардың мақсатына, олардың тиісінше жүргізілуіне залал келтірместен және олардың тиімділігін төмендетпестен айтарлықтай шамада келісілуі мүмкін екендігін мойындай отырып,

бақылаушы органдар арасындағы ынтымақтастық жолымен Тараптар арасында жолаушылар мен жүк қатынастарын дамытуға және жеделдетуге ықпал етуге ұ м т ы л а о т ы р ы п ,

бірлескен бақылауды жүргізудің шарттарын келісу көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін маңызды құралдардың бірі болып табылатындығына көз ж е т к і з е
о т ы р ы п ,

1-бап

бақылау аймағының шегі - бірлескен өткізу пунктiнiң аумағы және бiрлескен өткізу пунктi шекарасының сызығынан Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасының нақты сызығынан өткенге дейiнгі аумақ.

2-бап

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін адамдардың мемлекеттік шекарадан өтетін жері, сондай-ақ Тараптардың кедендік аумағынан/аумағына тауарлар мен көлік құралдары әкетілетін және әкелінетін жер бірлескен өткізу пунктінің аумағы болып табылады.

2. Осы Келісімге сәйкес Тараптардың бірінің ұлттық заңнамасы екінші Тараптың аумағында орналасқан бірлескен өткізу пунктінің аумағында өз Тарапының аумағындағы сияқты, бақылау аймағының шегінде қолданылады.

Бірлескен өткізу пунктінің аумағында осы заңнаманы бұзу, өз Тарапының аумағында орын алған осы тектес бұзушылықтар сияқты нақ сондай құқықтық салдарларға әкеп соқтырады.

3-бап

1. Бірлескен бақылауды бақылаушы органдар, ал қажет болған кезде бірлескен өткізу пункттері аумақтарының шегінде Тараптардың өзге де бақылаушы органдары жүзеге асырады.

2. Шекара арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу Тараптардың ұлттық заңнамаларына және олар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4-бап

Бірлескен өткізу пункттері тиісті түрде жұмыс істеу үшін: бірлескен өткізу пункттерінің жұмыс істеу қажеттіліктері ескеріле отырып, жеткілікті мөлшердегі білікті персоналмен;

бақылауға жататын көлік пен тауарлардың түрлері ескеріле отырып, бірлескен бақылауды жүргізу үшін қажетті ғимараттар, құрылыстар кешенімен, жабдықпен, қондырғылармен және техникалық бақылау құралдарымен;

олар осы Келісімге және Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес әрекет ету үшін лауазымды тұлғаларға арналған ресми нұсқаулықтармен;

кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізу үдерістерін автоматтандыруды, оның ішінде алдын ала хабардар етуді және тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану негізінде қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелермен және кешендермен қамтамасыз етіледі.

5-бап

Тараптардың бақылаушы және өзге де бақылаушы органдары осы Келісімде қамтылатын мәселелер бойынша бірлескен бақылау жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында тиісті ақпаратпен жедел алмасады.

6-бап

1. Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес бақылаушы органдар олардың жүргізілуі үшін жауапкершілік өздеріне жүктелген бақылаудың өзге де түрлерін жүргізеді.

2. Бірлескен өткізу пунктінде бақылаудың бірнеше түрлері жүргізілген жағдайда бақылаушы органдар оларды бір мезгілде немесе қысқа уақытта жүргізу үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды.

3. Бақылаудың жекелеген түрлерін бірлескен өткізу пункттерінен тыс жерлерде жүргізу қажет болған жағдайда оларды Тараптардың аумақтарында ұлттық заңнамаларға сәйкес жүргізуге жол беріледі.

7-бап

1. Тараптар дипломатиялық ноталармен алмасу жолымен Тараптардың бірінің бақылаушы және өзге де бақылаушы органдары бақылауды екінші Тараптың аумағында жүзеге асыратын бірлескен өткізу пункттерін айқындайды.

2. Бақылаушы және өзге де бақылаушы органдар бақылауды бірлескен өткізу пункттерінің аумақтары шегінде жүзеге асырады.

8-бап

1. Тараптардың бақылаушы органдары бірлескен өткізу пункттерінде бақылауды жүзеге асыруға байланысты іс-шараларды үйлестіреді.

2. Тараптардың бақылаушы және өзге де бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларын ауыстыру бірлескен бақылау үдерісі тоқталмайтындай етіп жүргізіледі.

9-бап

Осы Келісімнің бір де бір ережесі Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес қоғамдық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, мәдени мұра және зияткерлік меншік пайымдаулары бойынша адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге қатысты тыйымдар немесе шектеулер енгізуге кедергі жасамайды.

10-бап

Тараптардың бақылаушы және өзге де бақылаушы органдары қажет болған кезде (бірлескен бақылауды жүргізуге кедергі келтіретін эпидемиялар, эпизоотиялар, дүлей зілзалалар немесе өзге де төтенше жағдайлар) белгіленбеген мерзімге бақылауды өз мемлекеттерінің аумақтарында жүзеге асыруға оралуы мүмкін. Бұл ретте екінші мемлекеттің бақылаушы органдары бұл туралы жедел хабардар етіледі.

11-бап

Тараптардың бақылаушы органдары сәйкестендіру құралдарын, сондай-ақ бақылау мақсаттары үшін пайдаланылатын құжаттарды өзара негізде таниды.

12-бап

1. Адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын бірінші болып бақылауды көрсетілген адамдар, тауарлар мен көлік құралдары аумағынан кететіні Тараптың лауазымды тұлғалары жүзеге асырады.

Осы Тарап заңнамасының бақылауды жүзеге асыруға байланысты ережелері

Т О Қ Т а т а д ы .

мақсаттары үшін пайдаланылатын құжат ретінде тануы мүмкін.

б а р .

тоқтатуы және оларды өз мемлекетінің аумағына қайтаруы мүмкін.

қажетті көмек береді.

13-бап

шаралар қабылдайды.

14-бап

алуға және құқықтық қорғалуға мүмкіндік береді.

аумағында болатын Тараптың заңнамасын сақтауға міндетті.

органдары арасындағы уағдаластықтар негізінде жүргізіледі.

М У М К і Н .

5. Тараптардың бірінің лауазымды тұлғалары екінші Тараптың аумағында келтірген залалдарды өтеуге байланысты кінәраттар болатын Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес қаралады.

15-бап

Тараптардың бірінің екінші Тараптың аумағында бақылауды жүзеге асыратын бақылаушы органдарының лауазымды тұлғалары осы Келісімнің 3-бабында айқындалған шарттарда өз мемлекетінің ұлттық заңнамаларына және осы Келісімнің нормаларына сәйкес бақылау әрекеттерін жүзеге асырады.

16-бап

1. Бірлескен өткізу пункттерінің объектілерін, сондай-ақ адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын күзетуді аумағында бақылау жүзеге асырылатын Тарап қ а м т а м а с ы з е т е д і .

2. Аумағында бірлескен өткізу пункті орналасқан Тараптың шекаралық органдары шекара мен бірлескен өткізу пункттерінің арасындағы жолдағы қозғалыстарды бақылауды қамтамасыз етеді.

17-бап

1. Тараптардың бірінің бақылаушы және өзге бақылаушы органдарының екінші Тараптың аумағында бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті қызметтік құжаттары осы Тараптың бақылаушы органдарының тарапынан бақылауға ж а т п а й д ы .

2. Тараптардың бақылаушы органдары лауазымды тұлғаларының өз функцияларын жүзеге асыру кезінде пайдаланатын қызметтік көлік құралдары, заттары және жеке заттары оларды кері әкету шартымен кедендік баждар, салықтар және басқа да алымдар төлеуден босатылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген көлік құралдары бірлескен өткізу пункттеріндегі арнайы белгіленген орындарда болады.

18-бап

1. Болатын Тараптың аумағындағы тиісті органдар байланыс арналарын ұйымдастырады, оларды тиісті жағдайда ұстайды және екінші Тараптың бақылаушы органдарын байланыс құралдарымен және деректерді электронды өңдеуге арналған жабдықпен қамтамасыз етеді.

2. Тараптардың бірінің екінші Тараптың аумағында бақылау әрекеттерін орындайтын бақылаушы органдары екінші Тараптың радиобайланысы жұмысына кедергі келтірмес үшін радиобайланыс құралдарын пайдалануды келіседі.

19-бап

1. Бақылаушы және өзге де бақылаушы органдардың лауазымды тұлғалары екінші Тараптың бірлескен өткізу пункттерінде міндеттерін орындау үшін болатын Тараптың шекара органдары беретін рұқсаттамаларының негізінде

ш е к а р а д а н

ө т е д і .

2. Тараптардың шекара қызметтері рұқсаттамаларының үлгілерімен алмасады және бір немесе екінші Тараптың аумағында орналасқан бірлескен өткізу пункттерінде бақылауды жүзеге асыру үшін лауазымды тұлғаларды шекара арқылы өткізудің тәртібін келіседі және бекітеді.

20-бап

1. Бірлескен өткізу пункттерін салу және оларды жабдықпен, құрылғылармен және техникалық бақылау құралдарымен жарақтандыру, сондай-ақ оларды пайдалану мен іске қосу Тараптар арасындағы уағдаластықтар жолымен а й қ ы н д а л а д ы .

2. Осы Келісімнің ережелерін іске асыру барысында туындайтын шығыстарды Тараптар, егер өзгеше тәртіп келісілмесе, Тараптардың ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

21-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында бақылаушы және өзге де бақылаушы органдардың өкілдерінің қатарынан бірлескен өткізу пункттерінің жұмыс істеуі мәселелері жөніндегі қазақстан-ресей комиссиясы құрылады.

22-бап

Тараптардың осы Келісімнің ережелерін орындауға жауапты бақылаушы органдары бірлескен бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың тізімдерімен алмасады.

23-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап алты айдың ішінде Тараптардың бақылаушы органдары бірлескен өткізу пункттерінде бақылауды жүзеге асырудың үлгі технологиялық схемасын әзірлейді және бекітеді.

24-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар жолымен және дипломатиялық арналарды пайдалана отырып шешетін болады.

25-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын және осы Келісімнің 26-бабының 1-тармағына сәйкес күшіне енетін хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

26-бап

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастан к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың біреуі де кезекті бесжылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын дипломатиялық арналар бойынша өзінің оның қолдануын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабардар етпесе, ол одан кейінгі бесжылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

2006 жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі екі мәтіннің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін